

## Жылыой ауданы бойынша 2009 жылға кәсіпкерлік қызметтерге бір жолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі туралы

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 8-8 шешімі. Жылыой аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 ақпанда N 4-2-108 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 1, 6 тармақтарын басшылыққа алып, аудандық мәслихаттың кезекті VIII сессиясы ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Жылыой ауданы бойынша 2008 жылға кәсіпкерлік қызметтерге бір жолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық мәслихаттың 19 желтоқсан 2007 жылғы N 3-6 "Жылыой ауданы бойынша 2008 жылға кәсіпкерлік қызметтерге бір жолғы талонның мөлшерлемелері туралы" "мемлекеттік тіркеу саны 4-2-84, 25 қаңтар 2008 жылы 4 "Кең Жылыой" газетінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың VIII  
сессиясының төрағасы *Т. Қыдырбаев*  
Аудандық мәслихат хатшысы *М. Кенғанов*

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы  
24 желтоқсандағы № 8-8 шешіміне

1 қосымша

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес қызметі дүркін-дүркін сипаттағы қызметтің түрлері:

р/с	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Бір күндік бір жолғы алынған талонның мөлшерлемесі (теңге) 2009	Бір күндік бір жолғы алынған талонның мөлшерлемесі (теңге) 2010	Айырмашылығы
1.	1) газеттер мен журналдар	150	150	10
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	150	150	0
	3) бақша дақылдары	150	150	0

	4) саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	150	150	0
	5) қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері	150	150	0
	6) жануарлар мен құстардың жемдері	100	100	0
	7) сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ және балық сату (стационарлық үй- жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	150	150	0
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметіне	500	500	0
3	Үй жануарлары мен құстарын бағу	150	150	0

## Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы

### 24 желтоқсандағы № 8-8 шешіміне

#### 2 қосымша

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, базар аумағындағы дүңгіршіктерді, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтердің түрлері:

р/с	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Бір күндік бір жолғы алынған талонның мөлшерлемесі (теңге) 2009	Бір күндік бір жолғы алынған талонның мөлшерлемесі (теңге) 2010	Айырмашылығы
1	Балық өнімдері	150	150	0
2	Бейне таспалар мен ұнтаспалар	150	150	0
3	Ет өнімдері	250	250	0
4	Тамақ өнімдері	200	200	0
5	Сүт және сүттен жасалған өнімдер	200	200	0
6	Нан және ұннан жасалған өнімдер	100	100	0
7	Жеміс-жидектер, бақша өнімдері	150	150	0
8	Парфюмерия	150	150	0
9	Сабын және тазалау ұнтақтары	200	200	0
10	Өндірістік заттар	250	250	0
11	Автоқосалқы бөлшектер	300	300	0
12	Құрылыс заттары	500	500	0
13	Мал сату ірі қара 1 бас	300	300	0
14	Ұсақ мал сату 1 бас	150	150	0
15	Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (тамақ өнімдерін және жеміс- жидектерді сату) 1,5 тоннаға дейін	300	300	0

16	Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету ( тамақ өнімдерін және жеміс- жидектерді сату ) 5 тоннаға дейін	450	450	0
17	Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету ( тамақ өнімдерін және жеміс- жидектерді сату) 5 тоннадан жоғары	600	600	0
18	Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету ( шаруашылық бұйымдары және құрылыс материалдарын сату)	400	400	0
19	Бакалея тауарлары (ұн –секер, т.б.)	250	250	0
20	Ыдыс–аяқ, хрусталь, люстра	250	250	0
21	Кеңсе тауарлары	200	200	0
22	Ойыншықтар мен сыйлықтар	250	250	0
23	Кілем	300	300	0
24	Шаруашылық тауарлары (тоңазытқыш, шаңсорғыш, электротоварлар)	250	250	0
25	Жолаушылар (лицензиялы тасымалдардан басқасы) тасымалдау бойынша жеке жеңіл автомобильдер иелерінің қызмет көрсетулері:			
	1) қала ішінде	250	250	0
	2) қалааралық	350	350	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК